

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі  
«Қазгидромет» Республикалық Мемлекеттік Мекемесі  
Экологиялық мониторинг департаменті



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ

Ақпан 2026 жыл

Астана, 2026 жыл

|            | <b>МАЗМҰНЫ</b>   | Бет |
|------------|--|-----|
|            | Алғы сөз   | 3   |
| <b>1</b>   | Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның сапасы мониторингі  | 4   |
| <b>1.1</b> | Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның сапасын бағалау   | 4   |
| <b>1.2</b> | Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары туралы мәліметтер | 8   |
| <b>1.3</b> | Қазақстан Республикасы аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы                                 | 14  |
| <b>2</b>   | Қазақстан Республикасы жер үсті сулары сапасы мониторингі  | 15  |
| <b>2.1</b> | Қазақстан Республикасы жер үсті сулары сапасын бағалау   | 15  |
| <b>2.2</b> | Қазақстан Республикасы жер үсті суларының жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары                    | 18  |
| <b>3</b>   | Қазақстан Республикасы бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фоны                       | 20  |
|            | <b>1 қосымша</b>   | 21  |
|            | <b>2 қосымша</b>   | 22  |
|            | <b>3 қосымша</b>   | 23  |
|            | <b>4 қосымша</b>   | 23  |
|            | <b>5 қосымша</b>   | 24  |
|            | <b>6 қосымша</b>   | 25  |
|            | <b>7 қосымша</b>   | 25  |
|            | <b>8 қосымша</b>   | 26  |

## АЛҒЫ СӨЗ

Ақпараттық бюллетень Қазақстан Республикасының аумағында қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік органдар мен халықты ақпараттандыруға арналған «Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті дамыту» 039 бюджеттік бағдарламасының «Қоршаған орта жай-күйіне бақылау жүргізу» 100 ішкі бағдарламасы шеңберінде құрылады.

Бюллетень ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіне қоршаған орта жай-күйіне мониторинг жүргізу жөнінде «Қазгидромет» РМК арнайы бөлімшелерімен орындалатын жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Қалалар мен облыстар бөлінісінде ҚР Қоршаған орта объектілері сапасының жай-күйіне мониторинг жүргізу нәтижелері «Қазгидромет» РМК [www.kazhydromet.kz](http://www.kazhydromet.kz) ресми сайтында Қазақстан Республикасы өңірлердің қоршаған орта жай-күйі жөніндегі ақпараттық бюллетендерінде орналастырылған.

2019 жылдан бастап жеке желілерді ұйымдастырушылар ҚР ЭТРМ келісімі бойынша жеке автоматты станциялар/датчиктердің көмегімен Қазақстанның атмосфералық ауасының сапасын өлшеуді жүзеге асырады және мониторинг нәтижелері AirKz мобильді қосымшасына және «Қазгидромет» РМК интерактивті картасында көрсетіледі.

Қазіргі уақытта «Қазгидромет» РМК жоғарыда көрсетілген ақпараттық желісіне Қазақстанның жеке желілерінің 14 станциясының/өлшеу датчиктерінің деректері интеграцияланған.

## 1. Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның сапасы мониторингі

Қазақстан Республикасы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау республиканың 69 елді-мекенінде 174 бақылау бекетінде, оның ішінде: Астана (4), Ақтөбе (3), Алматы (4), Атырау (2), Тараз (4), Қарағанды (4), Балқаш (3), Жезқазған (2), Теміртау (3), Қостанай (2), Қызылорда (1), Ақтау (2), Павлодар (2), Екібастұз (1), Петропавл (2), Шымкент (4) қалаларында, Глубокое кентінде (1) 44 қол күшімен жұмыс істейтін бекеттерінде және Астана (6), Көкшетау (2), Атбасар (1), Степногорск (1), Щучинск (1), Бурабай к. (2), Ақсу к. (1), Бестөбе к.(1), Алматы (12), Талғар (1), Талдықорған (2), Жаркент (1), Ақтөбе (3), Қандыағаш (1), Хромтау (1), Шұбаршы к. (1), Кеңқияқ а. (1), Атырау (7), Құлсары (2), Жанбай а. (1), Индербор к. (1), Мақат к. (1), Ганюшкино а. (1), Өскемен (10), Алтай (1), Аягөз (1), Риддер (3), Семей (4), Шемонаиха (1), Ауэзов к. (1), Глубокое к. (1), Тараз (1), Жаңатас (1), Қаратау (1), Шу (1), Орал (4), Ақсай (1), Бөрлі а. (1), Қарағанды (3), Абай (1), Балқаш (1), Жезқазған (1), Саран (1), Сатпаев (2), Теміртау (1), Қостанай (2), Арқалық (1), Жітіқара (1), Лисаковск (1), Рудный (2), Қарабалық к. (1), Қызылорда (2), Арал (1), Әйтеке би к. (1), Ақай а. (1), Төретам к. (1), Шиелі а. (1), Ақтау (2), Жаңаөзен (2), Бейнеу а. (1), Павлодар (5), Ақсу (1), Екібастұз (1), Петропавл (2), Шымкент (2), Кентау (1), Түркістан (3), Састөбе к. (1), Қызылсай а. (1) 130 автоматты бақылау бекеттерінде бақылау жүргізілді (1 қосымша).

Стационарлық бекеттерде және жылжымалы зертханалардың көмегімен атмосфералық ауаның ластану жай-күйіне РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, озон және күкірт сутегі және ауыр металдар сияқты ерекше ластаушы заттар анықталады.

### 1.1. 2026 жылғы ақпан айына арналған Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның сапасын бағалау

2026 жылғы ақпан айында 69 елді мекеннің ішінен 39 елді мекен атмосфералық ауаның төмен ластану деңгейіне, 18 елді мекен көтеріңкі ластану деңгейіне, 9 елді мекен жоғары ластану деңгейіне, 3 елді мекен өте жоғары ластану деңгейіне жатқызылды.

- **ластанудың өте жоғары деңгейіне** 3 елді мекен: Қарағанды, Сәтбаев, Абай қалалары;

- **ластанудың жоғары деңгейіне** 9 елді мекен: Алматы, Өскемен, Риддер, Теміртау, Түркістан, Астана, Талғар қалалары, Шұбаршы, Қызылсай кенттері жатады;

- **ластанудың көтеріңкі деңгейіне** 18 елді мекен: Шымкент, Атбасар, Ақтөбе, Атырау, Семей, Алтай, Тараз, Шу, Талдықорған, Жаркент, Жезқазған, Қостанай, Арал, Ақтау, Павлодар, Екібастұз, Петропавл, Жаңбай ауылы жатады;

- **ластанудың төмен деңгейіне 39 елді мекен:** Көкшетау, Орал, Жаңаөзен, Ақсу, Ақсай, Аягөз, Жаңатас, Қаратау, Кентау, Лисаковск, Рудный, Саран, Степногорск, Шемонаиха, Щучинск, Қызылорда, Балқаш, Құлсары, Қандыағаш, Арқалық, Жітіқара, Хромтау қалалары, Әйтеке би, Ақсу, Әуезов, Бестөбе, Бурабай, Глубокое, Индербор, Ганюшкино, Қарабалық, Бейнеу, Састөбе, Төретам, Кеңқияқ кенттері, Ақай, Бөрлі, Мақат, Шиелі ауылдары жатады.

## **Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның көпжылдық кезеңдегі сапасын бағалау**

Соңғы 5 жылда 2022-2026 жж. атмосфералық ауаның ластануының тұрақты жоғары деңгейі **Қарағанды, Алматы, Астана** қалаларында байқалады.


Негізгі ластаушы заттар:

**Қарағанды қ.** – РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді;

**Алматы қ.** – қалқыма бөлшектер (шаң), қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ - 10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон;


**Астана қ.** – қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ - 10, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутек.

# СИ



1 сур. 2026 жылғы ақпандағы Қазақстан Республикасы елді-мекендерінің ластану деңгейі (стандартты индекс)

## ЕЖҚ



2 сур. 2026 жылғы ақпандағы Қазақстан Республикасы елді-мекендерінің ластану деңгейі (ең жоғары қайталанғыштық)

## 1.2 2026 жылғы ақпан айындағы Қазақстан Республикасы атмосфералық ауасының жоғары ластану жағдайлары

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне керекті іс-шаралар қабылдау үшін жедел түрде хабарланды.

Атмосфералық ауаның жоғары ластануының (ЖЛ) 61 жағдайы тіркелді, оның ішінде: Қарағанды қаласы – 55 ЖЛ жағдайы, Атырау қаласы – 6 ЖЛ жағдайы тіркелді (жоспардан тыс нүктелерінде).

| Қоспа                                 | Күні, айы, жылы | Уақыт, сағ. | Бекет нөмірі, жылжымалы зертхана нүктесі | Шоғыр  |                     | Жел         |           | Температура, 0С | Атм. қысым, мм.сын.бағ. | ҚР ЭТРМ ЭРЖБК себебі және қабылданған шаралар  |
|---------------------------------------|-----------------|-------------|--|--------|---------------------|-------------|-----------|-----------------|-------------------------|--|
|                                       |                 |             |  | мг/м3  | ШЖШ-дан асу еселігі | Бағыт, град | Жыл., м/с |                 |                         |  |
| <b>Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары</b> |                 |             |  |        |                     |             |           |                 |                         |  |
| <b>Қарағанды қ.</b>                   |                 |             |  |        |                     |             |           |                 |                         |  |
| PM-2,5 қалқыма бөлшектері             | 14.02.2026      | 08:00       | №8 ЛББ Зелинский көшесі, 23              | 2,2143 | 13,8                | 91,82       | 0,35      | -20,2           | 723,4                   | <i>Бекеттер ауданында қоршаған ортаға теріс әсер ететін кәсіпорындар анықталмаған. Бекеттер жеке секторлар орналасқан ауданда орнатылған. Ластанудың жоғары болуының себебі жеке тұрғын үйлерді бөлудің төмен орналасқан көздері болып табылады, Қарағанды қаласы бойынша штиль түріндегі барлық жиі болатын ауа райы жағдайларын қиындатады. Бұл проблеманың шешімі қаланың жеке меншік үйлерінің баламалы отын түріне (газ), ал шағын және орта кәсіпорындардың орталықтандырылған газға көшуі немесе орталық жылытуға (ЖЭО) қосылуы болып табылады.</i> |
|                                       | 14.02.2026      | 08:20       |  | 2,2269 | 13,9                | 100,44      | 0,48      | -20,6           | 723,54                  |  |
|                                       | 14.02.2026.     | 08:40       |  | 1,8325 | 11,5                | 100,23      | 0,49      | -20,2           | 723,61                  |  |
|                                       | 14.02.2026      | 20:40       |  | 1,7586 | 11,0                | 84,91       | 0,29      | -11,5           | 724,04                  |  |
|                                       | 14.02.2026      | 21:00       |  | 2,1028 | 13,1                | 69,17       | 0,21      | -12,2           | 724,08                  |  |
|                                       | 14.02.2026      | 21:20       |  | 2,7228 | 17,0                | 90,04       | 0,35      | -13,2           | 724,09                  |  |
|                                       | 14.02.2026      | 21:40       |  | 2,4999 | 15,6                | 63,59       | 0,15      | -14             | 724,06                  |  |
|                                       | 14.02.2026      | 22:00       |  | 1,9396 | 12,1                | 33,68       | 0,08      | -13,9           | 724,03                  |  |
|                                       | 14.02.2026      | 22:20       |  | 1,6854 | 10,5                | 80,88       | 0,26      | -14             | 724,06                  |  |
|                                       | 14.02.2026      | 22:40       |  | 2,0445 | 12,8                | 95,08       | 0,31      | -15,3           | 724,12                  |  |
|                                       | 14.02.2026      | 23:00       |  | 1,9098 | 11,9                | 43,48       | 0,13      | -15,2           | 724,19                  |  |
|                                       | 14.02.2026      | 23:20       |  | 2,574  | 16,1                | 52,65       | 0,18      | -15,6           | 724,24                  |  |
|                                       | 14.02.2026      | 23:40       |  | 2,6506 | 16,6                | 45,23       | 0,07      | -15,6           | 724,22                  |  |
|                                       | 15.02.2026      | 00:00       |  | 1,7302 | 10,8                | 64,49       | 0,17      | -15,3           | 724,31                  |  |
|                                       | 15.02.2026      | 00:20       |  | 3,1404 | 19,6                | 70,21       | 0,29      | -16,1           | 724,32                  |  |
|                                       | 15.02.2026      | 00:40       |  | 3,9104 | 24,4                | 76,71       | 0,27      | -16,8           | 724,27                  |  |
|                                       | 15.02.2026      | 01:00       |  | 3,3535 | 21,0                | 65,11       | 0,19      | -16,8           | 724,24                  |  |
|                                       | 15.02.2026      | 01:20       |  | 3,1968 | 20,0                | 74,39       | 0,29      | -16,9           | 724,1                   |  |
|                                       | 15.02.2026      | 01:40       |  | 2,8349 | 17,7                | 66,30       | 0,18      | -17,2           | 724                     |  |
|                                       | 15.02.2026      | 02:00       |  | 2,491  | 15,6                | 95,93       | 0,33      | -17,3           | 724,01                  |  |
|                                       | 15.02.2026      | 02:20       |  | 1,7724 | 11,1                | 116,45      | 0,26      | -16,8           | 723,98                  |  |
|                                       | 15.02.2026      | 02:40       |  | 2,2175 | 13,9                | 84,23       | 0,27      | -17,3           | 723,98                  |  |
|                                       | 15.02.2026      | 03:00       |  | 2,7072 | 16,9                | 53,46       | 0,15      | -17,7           | 723,93                  |  |
|                                       | 15.02.2026      | 03:20       |  | 2,3387 | 14,6                | 78,12       | 0,30      | -18,1           | 723,92                  |  |
| 15.02.2026                            | 03:40           | 3,1145      | 19,5                                     | 116,86 | 0,50                | -18,9       | 724,02    |                 |                         |  |

|                                 |            |       |  |        |      |        |      |       |        |
|---------------------------------|------------|-------|--|--------|------|--------|------|-------|--------|
|                                 | 15.02.2026 | 04:00 |  | 2,072  | 13,0 | 78,33  | 0,25 | -18,7 | 724,11 |
|                                 | 15.02.2026 | 04:20 |  | 1,789  | 11,2 | 69,55  | 0,21 | -18,4 | 724,02 |
|                                 | 15.02.2026 | 04:40 |  | 1,7397 | 10,9 | 61,91  | 0,21 | -18,2 | 723,96 |
|                                 | 15.02.2026 | 05:00 |  | 1,6557 | 10,3 | 58,25  | 0,23 | -18   | 723,86 |
|                                 | 15.02.2026 | 05:20 |  | 1,8272 | 11,4 | 85,21  | 0,30 | -18,2 | 723,83 |
|                                 | 15.02.2026 | 05:40 |  | 2,1711 | 13,6 | 109,44 | 0,48 | -19   | 723,74 |
|                                 | 15.02.2026 | 07:20 |  | 1,7492 | 10,9 | 74,69  | 0,31 | -18,5 | 723,56 |
| PM-10<br>қалқыма<br>бөлшектері  | 15.02.2026 | 00:20 |  | 3,1518 | 10,5 | 70,21  | 0,29 | -16,1 | 724,32 |
|                                 | 15.02.2026 | 00:40 |  | 3,9199 | 13,1 | 76,71  | 0,27 | -16,8 | 724,27 |
|                                 | 15.02.2026 | 01:00 |  | 3,3598 | 11,2 | 65,11  | 0,19 | -16,8 | 724,24 |
|                                 | 15.02.2026 | 01:20 |  | 3,2004 | 10,7 | 74,39  | 0,29 | -16,9 | 724,1  |
|                                 | 15.02.2026 | 03:40 |  | 3,125  | 10,4 | 116,86 | 0,50 | -18,9 | 724,02 |
| PM-2,5<br>қалқыма<br>бөлшектері | 24.02.2026 | 08:20 | №8 ЛББ Зелинский<br>көшесі, 23                 | 2,0287 | 12,7 | 77,98  | 0,27 | -22,6 | 727,03 |
|                                 | 24.02.2026 | 08:40 |  | 1,6348 | 10,2 | 121,97 | 0,25 | -22,2 | 727,20 |
|                                 | 24.02.2026 | 09:00 |  | 2,0038 | 12,5 | 108,22 | 0,17 | -21,2 | 727,23 |
|                                 | 24.02.2026 | 09:20 |  | 2,0675 | 12,9 | 156,93 | 0,26 | -20,4 | 727,31 |
|                                 | 24.02.2026 | 09:40 |  | 1,8915 | 11,8 | 115,87 | 0,45 | -20,5 | 727,45 |
|                                 | 24.02.2026 | 10:00 |  | 1,7387 | 10,9 | 86,87  | 0,37 | -19,7 | 727,51 |
| PM-2,5<br>қалқыма<br>бөлшектері | 28.02.2026 | 01:00 | Қарағанды қ,<br>№8 ЛББ<br>Зелинский көшесі, 23 | 1,9462 | 12,2 | 65,22  | 0,24 | -25   | 726,31 |
|                                 | 28.02.2026 | 02:20 |  | 2,8035 | 17,5 | 97,84  | 0,38 | -25,6 | 726,09 |
|                                 | 28.02.2026 | 02:40 |  | 2,4743 | 15,5 | 101,73 | 0,26 | -26   | 726,06 |
|                                 | 28.02.2026 | 03:00 |  | 2,073  | 13,0 | 86,04  | 0,24 | -25,6 | 726    |
|                                 | 28.02.2026 | 03:20 |  | 2,3189 | 14,5 | 116,18 | 0,46 | -26,2 | 725,97 |
|                                 | 28.02.2026 | 03:40 |  | 1,8792 | 11,7 | 73,65  | 0,26 | -26,5 | 725,82 |
|                                 | 28.02.2026 | 04:00 |  | 2,038  | 12,7 | 68,03  | 0,24 | -26,4 | 725,73 |
|                                 | 28.02.2026 | 04:20 |  | 1,636  | 10,2 | 49,48  | 0,13 | -26,4 | 725,67 |
|                                 | 28.02.2026 | 05:40 |  | 1,7305 | 10,8 | 94,92  | 0,38 | -26,6 | 725,89 |
|                                 | 28.02.2026 | 08:00 |  | 2,0072 | 12,5 | 83,91  | 0,14 | -26   | 726,2  |
|                                 | 28.02.2026 | 08:20 |  | 1,631  | 10,2 | 108,03 | 0,24 | -25,7 | 726,22 |
|                                 | 28.02.2026 | 08:40 |  | 1,6064 | 10,0 | 148,06 | 0,26 | -26   | 726,26 |
| <b>Барлығы: 55 ЖЛ жағдайы</b>   |            |       |  |        |      |        |      |       |        |

## Жоспардан тыс сынама алу

| Қоспа                                 | Күні, айы, жылы | Уақыт, сағ. | Бекет нөмірі, жылжымалы зертхана нүктесі                 | Шоғыр |                     | Жел         |           | Температура, 0С | Атм. қысым, мм.сын.бағ. | ҚР ЭТРМ ЭРЖБК себебі және қабылданған шаралар  |
|---------------------------------------|-----------------|-------------|--|-------|---------------------|-------------|-----------|-----------------|-------------------------|--|
|                                       |                 |             |  | мг/м3 | ШЖШ-дан асу еселігі | Бағыт, град | Жыл., м/с |                 |                         |  |
| <b>Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары</b> |                 |             |  |       |                     |             |           |                 |                         |  |
| Күкіртті сутегі                       | 12.02.2026      | 22:14       | №1 Авангард 4-ші ықшам ауданы                            | 0,08  | <b>10,0</b>         | 131         | 4,44      | 4               | 765                     | <p>Департаментпен тұрғындардың шағымына және қаладағы жағымсыз иістің таралуына қатысты «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-не Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамаларының сақталуына жоспардан тыс тексеру тағайындалып, тексеру жұмыстары жүргізілді.</p> <p>Оның нәтижесінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтар анықталды. Атап айтқанда, 2025 жылғы желтоқсан және 2026 жылғы қаңтар айларында кәсіпорында технологиялық қондырғылардың жоспардан тыс тоқтаулары орын алып, зиянды ластаушы заттардың (күкіртсутек, көмірсутектер, бензол, толуол, ксилол, аммиак, көміртек оксиді және т.б.) авариялық шығарындылары, оның ішінде алау жүйесі арқылы шығарылуы тіркелді.</p> <p>Сонымен қатар, ЭЛОУ-АТ-2 және ЭЛОУ-АВТ-3 технологиялық пештері бойынша бірқатар шығарындылар көздеріне қатысты эмиссиялар есептері мен рұқсат етілген шығарындылар нормативтері айқындалмағаны, сонымен қатар елеулі көлемде отын газы мен табиғи газ жағылғаны анықталды.</p> <p>Бұдан өзге, №3 буландыру алаңынан құбыр шығарылып, салынып жатқан буландыру тоғанына рұқсатсыз сарқынды сулар төгілгені анықталды. Су сынамалары алынды.</p> <p>Сондай-ақ, ластаушы заттардың таралуын талдау жобалық есептердің нақты көрсеткіштерге сәйкес келмейтінін көрсетті. 2026 жылғы қаңтар айында тұрғын аймақтарда күкіртсутек пен</p> |
|                                       | 12.02.2026      | 23:14       | №2 Байтақ (Водник) ықшам ауданы                          | 0,10  | <b>12,5</b>         | 131         | 4,44      | 4               | 765                     |  |
|                                       | 12.02.2026      | 23:20       | №3 Мирный ықшам ауданы                                   | 0,20  | <b>25,0</b>         | 131         | 4,44      | 4               | 765                     |  |
|                                       | 12.02.2026      | 23:34       | №4 Маслопром ықшам ауданы                                | 0,23  | <b>28,7</b>         | 131         | 4,44      | 4               | 765                     |  |
|                                       | 12.02.2026      | 23:53       | №5 Химпоселок ықшам ауданы                               | 0,27  | <b>33,8</b>         | 131         | 4,44      | 4               | 765                     |  |
| Күкіртті сутегі                       | 23.02.2026      | 15:33       | Жоспардан тыс сынама алу нүктесі: Перетаска шағын ауданы | 0,11  | 13,75               | 110         | 11        | 0               | 768                     |  |

|                              |  |  |  |  |  |  |  |  |   |
|------------------------------|--|--|--|--|--|--|--|--|---|
|                              |  |  |  |  |  |  |  |  | <p>көміртек оксиді бойынша шекті рұқсат етілген концентрациялардың бірнеше есе артуы тіркеліп, бұл кәсіпорын қызметінің атмосфералық ауаға теріс әсерін көрсетеді.</p> <p>Бұдан бөлек, авариялық жағдай кезінде кәсіпорын уәкілетті органды заңнамада белгіленген мерзімде хабардар етпеген, осылайша ҚР Экологиялық кодексінің талаптарын бұзған.</p> <p>Тексеру нәтижелері бойынша тексеру нәтижелері туралы акт жасалып, бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 328-бабының 1,3-бөліктері, 324-бабының 1-бөлігі және 327-1-бабының 2-бөлігі бойынша әкімшілік істер қозғалып, қазіргі таңда қаралу сатысында.</p> <p>Сонымен қатар, облыс әкімі Серік Шапкеновтің тапсырмасымен қала аумағында жағымсыз иістің таралуына байланысты жұмыс комиссиясы құрылып, Атырау облысындағы өнеркәсіп кәсіпорындарын аралау арқылы олардың экологиялық талаптарды сақтау деңгейіне бағалау жүргізілуде.</p> |
| <b>Барлығы: 6 ЖЛ жағдайы</b> |  |  |  |  |  |  |  |  |   |

### 1.3 Қазақстан Республикасы аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның 2026 жылғы ақпан айына арналған химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 47 метеостанцияда (МС) жүргізілді.

Төменде жауын-шашынның химиялық құрамы туралы ақпарат берілген.

**Иондар мөлшері.** Ең үлкен жалпы минерализация Балқаш МС (Қарағанды облысы) – 210,6 мг/л, ең төменгі – 12,7 мг/л көрсеткіші Мыңжылқы МС (Алматы облысы) белгіленді. Басқа метеостанцияларда жалпы минерализация мөлшері 16,5 – 163,9 мг/л шамасында болды.

Қазақстан Республикасы территориясы бойынша орташа жауын шашын құрамында сульфаттар 20 %, хлоридтер 12,5 %, нитраттар 5,1 %, гидрокарбонаттар 31,5 %, аммоний 1,6 %, натрий иондары 7,6 %, калий иондары 4,3 %, магний иондары 3,7 %, кальций иондары 13,7 % болды.

**Аниондар.** Ең үлкен сульфаттар (48,2 мг/л) шоғырлары Балқаш МС (Қарағанды облысы) байқалды. Ең үлкен хлоридтер (37,7 мг/л) шоғырлары Балқаш МС (Қарағанды облысы) байқалды. Басқа метеостанцияларда сульфаттар құрамы 1,1 – 38,5 мг/л, хлоридтер 1,3 – 30,2 мг/л шамасында болды.

Ең үлкен нитраттар шоғырлары (15,4 мг/л) Бурабай МС (Ақмола облысы), гидрокарбонаттар (58,6 мг/л) – Атырау МС (Атырау облысы) байқалды. Басқа метеостанцияларда нитраттар құрамы 0,6 – 14,2 мг/л, гидрокарбонаттар құрамы 2,9 – 56,1 мг/л шамасында болды.

**Катиондар.** Ең үлкен аммоний шоғыры (4,2 мг/л) Аул-4 МС (Алматы облысы) байқалды. Басқа метеостанцияларда аммоний құрамы 0,3 – 3,9 мг/л шамасында болды.

Ең үлкен натрий (22,4 мг/л) мен калий (17,4 мг/л) шоғырлары Балқаш МС (Қарағанды облысы) және Бурабай МС (Ақмола облысы), байқалды. Басқа метеостанцияларда натрий құрамы 1,1 – 18,8 мг/л, калий 0,6 – 15,8 мг/л шамасында болды.

Ең үлкен магний (8,9 мг/л) Балқаш МС (Қарағанды облысы) байқалды, кальций (25,4 мг/л) Балқаш МС (Қарағанды облысы) байқалды.

Ал басқа метеостанцияларда магний құрамы 0,4 – 8,3 мг/л, кальций 1,2 – 24,05 мг/л шамасында болды.

**Микроэлементер.** Ең үлкен қорғасын шоғыры 400,9 мкг/л Жезқазған МС (Ұлытау облысы) байқалды. Басқа метеостанцияларда қорғасын құрамы 0,0 – 1,9 мкг/л шамасында болды.

Ең үлкен мыс шоғыры 2850,7 мкг/л Жезқазған МС (Ұлытау облысы) байқалды, басқа метеостанцияларда мыс құрамы 0,0 – 5,4 мкг/л шамасында болды.

Ең үлкен күшән шоғыры 43,8 мкг/л Жезқазған МС (Ұлытау облысы) байқалды, басқа метеостанцияларда құрамы 0,0 – 24 мкг/л шамасында болды.

Ең үлкен кадмий шоғыры Жезқазған МС (Ұлытау облысы) – 33,5 мкг/л, басқа метеостанцияларда 0,0 – 1,9 мкг/л шамасында болды.

#### **Меншікті электрөткізгіштігі.**

Қазақстан аумағында атмосфералық жауын-шашынның меншікті электрөткізгіштігі 4,9 мкСм/см КФМС Бурабай МС (Ақмола облысы) – 395 мкСм/см Балқаш МС (Қарағанды) аралығында ауытқыды.

Қазақстан аумағында жауын-шашында рН мәні орташа шамасы 6,9 құрайды.

## 2. Қазақстан Республикасы жер үсті су сапасының мониторингі

Жер үсті суларының гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша су сапасын бақылау **216** гидрохимиялық тұстамада орналасқан **80** су объектісінде жүргізілген, олар: **70** өзен және **3** арна.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 60-қа дейін физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, ОБТ<sub>5</sub>, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар.*

Гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының су сапасы мониторингі Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстары аумақтарындағы **16** су объектісінде жүргізілді. Зерттелетін объектідегі судың өткір уыттылығын анықтауға арналған **39** сынама талданды.

### 2026 жылғы ақпан айы бойынша су объектілерінің тізімі

#### Барлығы 80 объектілері:

- **77 өзен:** Қара Ертіс, Ертіс, Усолка, Бұқтырма, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Тихая, Брекса, Емел, Аягөз, Үржар, Ор, Қарғалы, Темір, Ембі, Елек, Шаған, Деркөл, Қараөзен, Сарыөзен, Шыңғырлау, Жайық, Перетаска тармағы, Яик тармағы, Қиғаш, Шаронова тармағы, Нұра, Қара Кенгір, Шерубайнұра, Соқыр, Есіл, Жабай, Беттібұлақ, Қылшықты, Шағалалы, Сілеті, Ақсу (Ақмола облысы), Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Тобыл, Торғай, Әйет, Тоғызақ, Үй, Обаған, Желқуар, Торғай, Іле, Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Есентай, Шарын, Шілік, Түрген, Текес, Қорғас, Қаратал, Ақсу (Алматы облысы), Лепсі, Баянкөл, Қарқара, Талғар, Темірлік, Есік, Қаскелен, Талас, Аса, Шу, Тоқташ, Ақсу (Жамбыл облысы), Қарабалта, Сырдария, Бадам, Келес, Арыс, Қатта Бугун, Ақсу (Түркістан облысы) өзендері.

- **3 су арна:** Нұра-Есіл, Көшім, Қ.Сәтпаев атындағы арналары.

### 2.1 2026 жылғы ақпан айындағы Қазақстан Республикасының жер үсті суларының сапасын бағалау

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай сыныптау) болып табылады (5-қосымша).

ҚР су объектілерінің су сапасы Бірыңғай сыныптау бойынша келесідей бағаланады:

| Су сапасының сыныбы*                  | Су пайдалану санаттарының сипаттамасы  | 2026 жылғы ақпан айындағы су объектілері және сапа көрсеткіштері   |
|---------------------------------------|--|--|
| <b>1 сынып<br/>(өте жақсы сапа)</b>   | - бұл кластағы жер үсті сулары су пайдаланудың барлық түрлеріне (санаттарына) арналған.  | <b>5</b> су объектісі ( <i>5 өзен</i> ): Баянкөл, Түрген, Талғар, Шарын, Қатта-бүгүн өзендері.   |
| <b>3 сынып<br/>(орташа ластанған)</b> | -суды пайдаланудың осы класындағы суды албырт балықтарын өсіру үшін пайдалану қажет емес, ал оларды ауыз су-шаруашылық мақсатында пайдалану үшін | <b>44</b> су объектісі ( <i>43 өзен, 1 арна</i> ): Беттібұлақ (ОБТ <sub>5</sub> , магний, мыс, сульфаттар), Шу (аммоний-ионы, ОБТ <sub>5</sub> , ОХТ, сульфаттар, магний), |

|                                       |  |  |
|---------------------------------------|--|--|
